

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Сәуір айы 2 апта


Мектепке дейінгі ұйымы: МКҚК № 26 «Үміт» бөбекжай – балабақшасы

Топ: «Гүлдер» кіші тобы.

Балалардың жасы: 2 жас

Қандай кезеңге жасалды 06.04.– 10.04.2026жыл

Тәрбиешілер: Ақтілеу Қ.Н.

Тексерілді: 

Дәйек сөз: «Еңбек қуаныштың кілті»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.04.2026ж	Сейсенбі 07.04.2026ж	Сәрсенбі 08.04.2026ж	Бейсенбі 09.04.2026ж	Жұма 10.04.2026ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу, күй күмбірі «Самғау» №33				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу. «Еңбек түбі береке» екенін балаларға түсіндіру мақсатында ата-аналармен бірлесе отырып жұмыстану.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	"Көктемгі гүлдер" (Су арқылы бояу тарату) Мақсаты: Түстердің араласуын бақылау, шығармашылықты дамыту. Құралдар: Ақ майлықтар, су, түрлі-түсті бояулар (гуаш немесе тағамдық бояғыштар).	Қайда жасырындың?" Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту. Құралдар: Ойыншықтар. Шарты: Бір ойыншықты жасырып, "Қоян қайда?" деп сұраңыз.	"Құммен немесе сумен ойнау" Мақсаты: Сенсорлық қабылдауды жақсарту. Құралдар: Құм немесе су, ыдыстар, қасық. Шарты: Бала құмды немесе суды қасықпен бір ыдыстан екіншісіне құяды.	"Кім қалай сөйлейді?" Мақсаты: Дауысты және дыбыстарды ажыратуға үйрету. Құралдар: Қуыршақ, ойыншықтар. Шарты: "Анасы жұмсақ сөйлейді", "Әке қатты сөйлейді",	Түйенің өркеші Міндеті: Жануарлар туралы білім беру. Ойын барысы: Түйенің суретін немесе ойыншығын көрсетіп, оның өркеші, аяқтары және басқа дене бөліктері туралы айтып беріңіз. Бір тұтас тәрбие

	Шарты: Майлықты гүл пішінінде қиып алыңыз. Су толтырылған стакандарға әртүрлі бояулар қосыңыз. Бала майлықтың шетін бояуға батырып, түстердің таралуын бақылайды. Экологиялық тәрбие	Бала оны тауып, атауы керек. Танымдық дағды	Танымдық дағды	"Бала жылайды" деп рөлдік ойын ұйымдастырыңыз. Коммуникативтік дағды	
Ертеңгілік жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Картотека №15				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.	Пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуді, кесектерді біріктіруді мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды жетілдіру	Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді тандауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру дағдыларын пысықтау.	Көңілді әуен қою,сергіту

Кестеге сәйкес ҰІӨ	Дене шынықтыру ЖДЖ Міндеті: Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).	Дене тәрбиесі ЖДЖ Міндеті: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру	Дид ойын: «Жемістерді жина» №31 Дид ойын: «Қуыршақты жуындыру үшін не керек?» №14 Дид ойын: «Сықырлы қапшық» №6	Дене шынықтыру ЖДЖ Міндеті: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру	Музыка . Жетекші жоспарымен
2-ші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Картотека №3	Картотека №4	Картотека №5	Картотека №6	Картотека №7
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жсолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)				

шаралары	Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Қонаққа келген көктем аруының себетіндегі заттармен танысу арқылы қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Тез жинау ойынын ойнату (сөйлеуді дамыту)	Көктем Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. (көркем әдебиет) Түрлі түсті шарларды салғызу (сурет салу) Ұлттық ойын: «оюды сәйкестендір»	«Бауырсақ» ертегісін тыңдату сұрақтарға жауап алу. Ертегі кейіпкерлерінің бейнесін екі бөлек қарточкадан құрастырып тану дағдысын дамыту (сөйлеуді дамыту, құрастыру) Саз балшықтан ертегідегі шалқанды жасауды үйрету (мүсіндеу) Өз қалаулары бойынша құрылымдар құрастырғызу. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін	Қонаққа келген апаның қоржынындағы заттармен танысу арқылы қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Көңілді музыка сүйемелдеуімен қонаққа келген қуыршақпен балалардың бірге билеуін ұйымдастыру (музыка)	Педагогтің көмегімен таныс көктем шағын өлеңді толық қайталауға ынталандыру сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ермексаздан ағаштардың жапырақтарын жасату. (мүсіндеу) Ұлттық ойын: «Ұлттық бұйымның екенін тап?»

	билеуін ұйымдастыру (музыка) Ұлттық ойын: «Оюдың орнын тап»		ұқыптылықпен жинау дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)		
Балалармен жеке жұмыс	Хамза мен Әлижан ға қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.	Раян мен Ажарға әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тындау дағдысын дамыту.	Сафия мен Аруна ға орталықтарға бөлініп үстел құрастыру және үстелге қоятын табақты мүсіндеуді үйрету.	Еңлікпен Нұрисламға сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыруды үйрету. қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.	Алишер мен Тұмар ға тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұруды үйрету. суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/о «Шеңберге тез тұр» Еркін ойындар Табиғи материалдарды (күм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. (құрастыру)	Кітаптар қарату. Қарапайым (Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. (Сөйлеуді дамыту) Қ/О «Поезд»	Әртүрлі көлемдегі заттарды атауын үйретіп, санын (біреу- көп), ажыратуын дамыту (сенсорика) Қ/о «Шеңберге тез тұр»	Қ/о «Күн мен жаңбыр» үлкен кіші мұнараларды пластмас сақиналардан құрастырғызу (құрастыру)	Табиғи материалдарды (күм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. (құрастыру) Қ/О «Кім жылдам» Еркін ойындар.

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Қуыршаққа арналған әшекей білезікті жасату және жапсыру дағдысын жетілдіру (жапсыру) Ермексазdan қуыршаққа шарлар жасау (мүсіндеу)	Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар) дағдысын дамыту (музыка) Ауызша нұсқаумен пирамида сақиналарын ретімен қазығына кигізу дағдысын пысықтау (сенсорика)	Суреттің қарапайым элементтері ретінде тік қысқа сызықтарды қағаз бетінде төменнен жоғары қарай, жаңбырдан соң өскен шөптердің суретін салғызу (сурет салу)	Ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту (сенсорика, жапсыру)	Фланелграфқа бұлттар мен жаңбыр тамшыларын жапсырып, орналастыру дағдыларын дамыту (жапсыру) Еркін іс әрекеттер
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме